

Жоба авторлары зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласына барлық мемлекеттік құрылымдар мен жалпы қоғам тартылуы тиіс деп атап өтіп, жобада тек ішкі істер министрлігінің ғана емес, білім, денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік қорғау, ақпарат және қоғамдық даму министрліктерінің де әрекеттері нақтыланды. Сарапшылардың пікірінше, құжат толық әзірленбеген. Жоба авторлары бірқатар даулы тұжырымдарды жақында алып тастамай, оны дұрыс түсіндірмейді деп санайды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты ҚК-нің жеке бабына бөлу осындай қылмыстарға ден қоюды жақсартады және полиция, прокуратура және сот қызметкерлерінің мұндай істерді қалай тиімді тергеуге және бұл ретте зардап шеккендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мамандандырылған даярлығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Қылмыстық кодекске шұғыл түрде тұрмыстық зорлық-зомбылықты жеке қылмыстық құқық бұзушылық ретінде мойындайтын және ол үшін жазаның келтірілген зиянның ауырлығына мөлшерлес болуын қамтамасыз ететін бап енгізуге тиіс.

Билік тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша өтініштерге полицияның тиімді әрекет етуін қамтамасыз етуге және зардап шеккендерге дағдарыс орталықтарын қоса алғанда, арнайы әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. Көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік ұйымдардың персоналы, полиция қызметкерлері, медицина қызметкерлері және тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері бойынша жұмыс істейтін басқа да бейінді субъектілер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою жөніндегі арнайы даярлықтан тұрақты негізде өтуге тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы. "Әділет" АҚЖ (zan.kz)

2. Письмо Генеральному прокурору Республики Казахстан Г.Нурдаулетову от Human Rights Watch  
[https://www.hrw.org/sites/default/files/supporting\\_resources/kaz\\_letterto\\_prosecutorgeneral\\_27nov2019\\_rus.pdf](https://www.hrw.org/sites/default/files/supporting_resources/kaz_letterto_prosecutorgeneral_27nov2019_rus.pdf)

## **БАСБОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫН ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Хамитова Диана – Академик Е.А.Бөкетов атындағы университет студенті  
(Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы)  
Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент Өзбеков Д.Ө.*

Жаза тағайындау және жазадан босату қылмыстық құқықтың басты институтының ең үлкен саласы болып табылады, себебі, Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленгендейең қымбат қазына ол адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан және заңсыз әрекет үшін әділ жаза тағайындау арқылы қорғау осы институттардың нормаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады [1]. Бір жағынан, жаза тағайындау қылмыстық заңнаманы қолданудың маңызды сатысы болып қана тұрмай, сондай-ақ қылмыстық сот төрелігін жүзеге асырудың ортанғы кезеңі болып саналады. Бірақ, екінші жағынан, қылмыстық заңнамада қылмыс жасаған адамды жазалау немесе одан босату туралы мәселені шешпес бұрын, жалпыадамзаттық қағидалар яғни, гуманизм мен әділеттілік қағидаларына негізделген репрессивтілікке қарсы қолданылатын ынталандыру нормалары бекітілген.

Сонымен қылмыстық жаза – жазаны жүзеге асырудың бір түрі-қылмысты және оны жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамды мемлекеттік соттау болып табылады. Жаза

қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға сот үкімімен тағайындалады және ол осы Кодексте көзделген сотталған адамның құқықтары мен бостандықтарынан айырудан немесе оларды шектеуден тұрады [2].

Жазаның түрлері Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 40-бабында көрсетілген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген қылмыстық жазалардың ішінде ерекше және маңызды орынға ие болып отырған ол бас бостандығынан айыру жазасы.

Қазіргі таңда заңды күшіне енген сот үкімдерінің ақпараттарына үңілсек, бас бостандығынан айыруға сотталғандар барлық сотталғандардың едәуір көп бөлігін құрайды. Бұрынғы Кеңес Үкіметінің ақпараттарына сүйенсек, бас бостандығын айыру жазасымен сотталғандардың саны қазіргі кезден де көп. Оның себебі, бұл жазаның негізгі мақсатына жетуден бұрын, сотталғандарды бағасы төмен және тегін жұмыс көзі ретінде қолданған.

Бас бостандығынан айыру жазасын тек біржақты қарауға болмайды, себебі оның жақсылық және жамандық жақтары да бар, сол себептен жазаның бұл түрі өзінің өзектілігін жоғалтпайды. Әрине, кезген жазаның мақсаты ол әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталған адамды түзеу, сотталғанадам тарапынан жаңа қылмыстардың алдын алу, басқа адамдар тарапынан қылмыстың алдын алу болып табылады. Бірақ, қоғамға қауіптілі жағынан ауыр қылмыстар жасаған қылмыскерлерді және рецидивистерді бостандықта қалдыруға болмайтыны айдан анық, себебі, олар басқа адамзат баласы үшін қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан, ондай қоғамға қауіпті қылмыскерлерді әлеуметтік ортадан оқшаулап, оған қолсұғу мүмкіндігінен айыру қажет. Қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес қылмыстар, яғни қоғамға аса қауіпті емес қылмыс жасаған қылмыскерлерді, қоғамнан оқшауламай-ақ дұрыс жолға салу мүмкіндігі болған жағдайда, бас бостандығынан басқа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген өзге де жаза түрлерін қолданған дұрыс [3]. Сол себептен бас бостандығынан айыру жазасы қылмыскерлерді дұрыс жолға түсіп, түзелуі үшін оған тиісті жазаны және жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу міндеттерін орындата отырып, бұны қамтамасыз ете алуы керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 89-бабының 1-тармағына сәйкес, бас бостандығынан айыру сотталушыны қауіпсіздігі барынша төмен мекемелеріне, орташа қауіпсіз мекемелер, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелеріне, қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелеріне, төтенше қауіпсіз мекемелеріне, толық қауіпсіз мекемелеріне, қауіпсіздігі аралас мекемелеріне отырғызу жолымен жүзеге асырылады [4]. Бас бостандығынан айыру мерзімі қылмыстық құқықбұзушылықтың қоғамға қауіптілігі мен ауырлығына, сотталушының кінәлілігіне және көптілігіне байланысты болып табылады. Мысалы, адам бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатса, онда сотталған адам мекеме әкімшілігінің жанында болған кезде өзінің тегі мен жазасын атауы керек. Бұл әрекеттердің мақсаты сотталушыға оның жасаған әрекеті туралы еске салумен байланысты психикалық азап шегу емес, керісінше — ықтимал қауіп туралы бөтен адамды ескерту, өйткені білген адам баптың нөмірі бойынша ұрының ықтимал қауіптілігі өлтірушілерге қарағанда біршама төмен екенін анықтай алады [5].

Келешекте бас бостандығынан айыру жазасын қысқарту керек. Бұл жаза түрі тек басқа жазаларды қолдануға мүмкіндік жоқ кезде ғана іске асырылуы тиіс. Бұл жағдайларды жүзеге асыру үшін, біріншіден, әділдікті жүзеге асырып отырған соттардың бас бостандығынан айыру жазасын қолдану тәжірбесін тереңірек зерттей отырып, республика көлемінде біркелкі сот тәжірбесін қалыптастыру қажет. Екіншіден, ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген өзге де жаза түрлеріне, мысалы, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары және т.б. жазаларды қолдану үшін қолайлы жағдайлар істеу қажет. Үшіншіден, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға негізгі жазамен бірге қосымша айыппұл қолданылуы тиіс.

Қорытындылай келе, бас бостандығынан айыру жаза ауыр жазаның бірі болып табылғандықтан, оны тек басқа жаза түрін қолдану мүмкін болмаған жағдайда ғана қолданылуы тиіс. Себебі, әрбір қылмыстық құқықбұзушылық бас бостандағынан айыру жазасы қолданыла берсе, мемлекетімізде әр үшінші не төртінші адам қылмыскер атағына ие болады. Жазаның бұл түрін гуманизм қағидасын дұрыс жүзеге асырумен қатар, жазасын өтеп шыққан адамдар үшін белгілі бір жұмыс орындарын ұсыну қажет. Өйткені, қылмыстың басым көпшілігі жұмыссыздықтан бастау алады. Қылмыстың алдын алу шараларын ұйымдастырып, белгілі бір курс түрлерін, әр түрлі оқу гранттарын ұсыну, түрлі жұмыс түрлерін ұсыну арқылы қылмыстың алдын алу қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995ж. 30 тамыз.
2. Дуюнов В.К. Уголовно-правовое воздействие: теория и практика – М.: Научная книга, 2003 – С.147-148.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 ж. 3 шілде.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі, 2014 ж. 5 шілде.
5. Давыдов Т.А. Проблемы назначения наказания, Молодой ученый, 2020 г. №14(304)-С.161-163.
6. [Zakon.kz//https://yandex.kz/turbo/zakon.kz/s/4988062-v-kazahstane-pensionery-i-pozhiznenno.html](https://yandex.kz/turbo/zakon.kz/s/4988062-v-kazahstane-pensionery-i-pozhiznenno.html)

## **УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ИЗНАСИЛОВАНИЕ ДЕТЕЙ, ПОВЛЕКШЕЕ ТЯЖКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ, В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ И НЕКОТОРЫХ СТРАН МИРА**

*Букалерева Людмила Александровна,  
доктор юридических наук, профессор, заведующая кафедрой уголовного права,  
уголовного процесса и криминалистики «Российский университет дружбы народов»  
Скрипова Ирина Игоревна, кандидат юридических наук,  
помощник судьи Суда Ямало-Ненецкого автономного округа*

Изнасилование детей является наиболее распространенным и серьезным преступлением против сексуальной свободы и сексуальной неприкосновенности несовершеннолетних. Многие вопросы правового регулирования таких преступлений в российском законодательстве сегодня остаются нерешенными и требуют научного подхода и анализа, с учетом международного и зарубежного опыта правового регулирования.

Несмотря на то, что в исследованиях ряда ученых есть данные, которые оправдывают общее снижение уровня насилия в мире в последние десятилетия, и, в частности, сексуального рецидивизма среди преступников (Rodin, 2011), в России доминирует малая эффективность государственной политики по снижению масштабов сексуального насилия в обществе (Masters, 1998), латентных насильственных преступлений против несовершеннолетних и, в частности, детей младшего возраста, что объясняется многими причинами, среди которых: несовершенство российского законодательства (Базаров, 2019, с.24); недостаточная оценка общественной опасности данного вида преступлений правоохранительными органами (Карагодин, 2018, с.179); нежелание жертв делиться информацией с родственниками, близкими им людьми и обществом; сомнения в эффективности юридической помощи; низкий уровень надзора и управления насильственными преступниками и другие причины. Факт совершения жестокого